



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010300	«Педагогика және психология»	1. Педагогика 2. Педагогиканы оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Психологияны оқыту әдістемесі

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Педагогиканы оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Психологияны оқыту әдістемесі

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар:

- A) Л.В. Занков
- B) Ы.Алтынсарин
- C) И.С. Якиманская
- D) В.В. Давыдов
- E) И.Я. Лернер
- F) К.Роджерс
- G) Е.В. Бондаревская

2. Жас ерекшеліктер:

- A) Әр балаға тән белгілі сипат
- B) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
- C) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер
- D) Белгілі бір жас кезеңіне тән табиғи ерекшеліктер
- E) Белгілі бір жас кезеңіне тән психикалық сапалар

3. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Қоғамдық тәрбие
- B) Экологиялық тәрбие
- C) Экономикалық тәрбие
- D) Адамгершілік тәрбиесі
- E) Азаматтық тәрбие
- F) Әлеуметтік тәрбие

4. Оқу-тәрбие процесінің ұстанымдары:

- A) Іс-әрекеттің оқушының тек дүниетанымын қалыптастыруға бағыттылығы
- B) Педагогикалық процестің ізеттілігі, нысандық бағыттылығына ғана сүйенуі
- C) Педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді оқушылардың қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру
- D) Педагогикалық процестің қоғам талабына сәйкестілігі
- E) Іс-әрекеттің сана мен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы
- F) Тек педагог іс-әрекетінің нәтижелілігін қарастыруы
- G) Педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді сынып жетекшісінің қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру
- H) Педагогикалық процесс табиғи процесс болып табылады

5. Тәрбиенің мақсаты:

- A) Педагогикалық процесте тәрбие ісін жүргізу
- B) Қоғамның мүддесімен сәйкес болуы
- C) Қоғам сұранысына сәйкес жеке тұлға қалыптастыру
- D) Жеке тұлғаның наным сенімін қалыптастыру
- E) Еңбек тәрбиесі және политехникалық білім беру

6. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) практикалық іскерліктер
- B) көзқарастар
- C) діни білімдер
- D) дағдылар
- E) тұрмыстық көзқарастар

7. Басқару стилі бойынша:

- A) демократиялық
- B) либералдық
- C) мектептік
- D) діни
- E) қоғамдық
- F) отбасылық

8. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Мемлекеттік
- B) Өзіндік
- C) Оқу-жұмыс
- D) Мектеп
- E) Тұлғалық
- F) Типтік
- G) Авторлық

9. Педагогиканың теориялық қызметтері:

- A) Қалыптастыру
- B) Бағыттау
- C) Болжау
- D) Анықтау
- E) Түсіндіру

10. Педагогикалық процесс:

- A) Сабақты ұйымдастыра білу процесі
- B) Адам- адам жүйесі
- C) Педагогикадағы Іс әрекеттерді ұйымдастыру процесі
- D) Ұйымдастыруды және басқаруды жақсарту процесі
- E) Дамыту, тәрбиелеу, оқыту процестерін біріктіретін жүйе
- F) «Педагог – оқушы» іс - әрекетінің жүйесі

11. Тәрбие жұмыстары төмендегі аталған тәрбиелік іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Қалыптастырушылық
- C) Психологиялық
- D) Бақылаушылық
- E) Дамытушылық
- F) Реттеушілік
- G) Ақпараттық

12. Ұжымның өзіндік маңызды белгілері:

- A) Ұжымдық дәстүрдің болуы
- B) Жеке әлеуметтік мақсат
- C) Бірлескен ортақ іс-әрекет болуы
- D) Жеке әлеуметтік іс-әрекет
- E) Өзіндік мәнді мақсат

13. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Тәжірибені қарастыру
- B) Жұптық іс-әрекет
- C) Жағдаятты талдау
- D) Индукция және дедукция
- E) Байқау
- F) Контент талдау

14. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар
- B) ата-аналармен педагогикалық ағарту жұмыстары
- C) ата-аналармен ұйымдастырушылық–педагогикалық жұмыс
- D) олимпиадаларға даярлық
- E) әдістемелік жұмыстар

15. Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- A) Тәрбие мен практиканың бірлігі
- B) Оқу мазмұны; оқу барысы
- C) Оқу құрылымы мен сапасы
- D) Оқуды басқару мен ынталандыру
- E) Оқыту мен тәрбиенің бірлігі
- F) Оқуды ұйымдастыру; оқу сапасы, жеке тұлғаның дамуы

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Оқу саяхаты (экскурсия)
- B) Сабақ
- C) Түсіндіру
- D) Ата-аналармен жұмыс
- E) Қоғамдық жұмыс
- F) Жаттығу
- G) Семинар

17. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгілері:

- A) Жалпы іс-әрекет негізінің болмауы
- B) Жалпы іс-әрекеттің негізінің болуы
- C) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- D) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушының өзіндік білімін көрсете алуы
- E) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- F) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- G) Жалпы нәтижелердің болуы
- H) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы

18. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Бағыттауды
- B) Оқу жоспарын
- C) Басқаруды
- D) Тұлға болмысын
- E) Диагностикалауды
- F) Жүйелеуді
- G) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды

19. Оқытуды бақылау түрлері:

- A) Фронталды
- B) Хабарлық
- C) Ұйымдастырушылық
- D) Сұраулық
- E) Топтық
- F) Жеке

20. Оқу материалын түсіндірудің құрамдас бөлігі:

- A) Игеру
- B) Теорияларға, фактілерге сүйену
- C) Үйлестіру
- D) Ойнау
- E) Дәлелдеу
- F) Сабақтастық

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- B) Қолдану деңгейі
- C) Нәтижелілік деңгейі
- D) Әдістемелік негіз
- E) Әдіснамалық деңгейі
- F) Психологиялық негіз

22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:

- A) оқыту әдістерін таңдауға ықпал етеді
- B) білім беру мекемелерін жетілдіруге қатысады
- C) білім беруді және оны басқаруды ізгілендіруді қамтамасыз етеді
- D) білім беруді реттеуді қамтиды
- E) ұйымдастыру формаларын іріктеуге қатысады
- F) білім беру кеңістігін сақтауды қамтамасыз етеді
- G) педагогикалық технологияларды іріктеуге қатысады

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Оқу жоспарының құрылымын
- B) Оқу жүйесінің құрылымы мен мазмұнын
- C) Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мерзімдік тәртібін
- D) Мектептің құжат санын
- E) Мектепте оқушылардың білімін бағалау формаларын
- F) Мектептің материалдық жағдайын
- G) Оқу-тәрбие үрдісін диагностикалауды

24. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың мәні:
- A) Педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтеру тәсілі
 - B) Педагогтардың жетістіктерін бағалау әдісі
 - C) Педагогикалық деректерге басшылық
 - D) Педагогикалық ақпарат түрлеріне сипаттама
 - E) Маман шеберлігінің деңгейін анықтау
 - F) Мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі
 - G) Мұғалімнің басқару ұстанымы
25. Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға әсер етеді:
- A) ұжымдағы моральдық-психологиялық жағдай
 - B) пәндік әдістемелік бірлестіктердің өзара бәсекелестігі
 - C) ата-аналардың сұрақтары
 - D) оқыту принциптері
 - E) жергілікті әкімшілік талаптары
 - F) мұғалімдердің мәртебесін көтеру

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Педагогиканы оқыту әдістемесі

1. Дидактиканың негізгі ұғымдары:

- A) Дәстүрлі
- B) Оқыту үдерісі
- C) Педагогикалық антропология
- D) Білім, білік, дағды
- E) Дидактикалық жүйе
- F) Білім беру мазмұны
- G) Қалыптастыру

2. Педагогика ғылымының дамуына ықпал еткен жағдай:

- A) Жеке ерекшеліктердің дамуы
- B) Оқуға құлшыныс
- C) Түп-тұяғын сақтаудың биологиялық саны
- D) Тәрбиенің қоғамдық өмірдегі рөлі
- E) Қоғам сұранысы
- F) Ата – аналардың балаларға қамқорлығы

3. Ғылымның аспектілері:

- A) Физиологиялық
- B) Дамытушылық
- C) Психологиялық
- D) Жеке ғылыми
- E) Әлеуметтік мәдени
- F) Іс-әрекеттік

4. Оқыту құралдары:

- A) Сөздіктер
- B) Бақылау жұмысы
- C) Флешка
- D) Күнтізбе
- E) Мұғалім әшекейі

5. Дәріс оқу барысында оқытушы ескеруі керек:

- A) Жылдам оқуды
- B) Денені
- C) Критикалық ойлауды
- D) Елестетуді
- E) Екпінді
- F) Бейнелік ойлауды

6. Дидактиканың негізгі ұғымдары:

- A) Сабақтан тыс әрекет
- B) Дамыту
- C) Аудиториядағы тәрбие жұмысы
- D) Тәрбие технологиялары
- E) Сабақ беру
- F) Аудиториядан тыс әрекет

7. Білімді игеру үдерісінің бірінші кезеңінің құрылымына енеді:

- A) Бихевиоризм
- B) Қабылдау
- C) Прагматизм
- D) Қарапайым ойлау
- E) Практика
- F) Іс-әрекет

8. Оқыту теориясы бөлімінің міндеттерінің бірі:

- A) Қажетті кәсіби сапаны тәрбиелеу
- B) Тәрбие заңдылықтары, ұстанымдары, түрі, құралдары туралы түсінік беру
- C) Дидактика туралы түсінік қалыптастыру
- D) Білім алушылардың ойлау үдерісін қалыптастыру
- E) Тұлғаны дамыту

9. Оқыту процесінің заңдылықтары:

- A) Оқытуды ынталандырмау заңдылығы
- B) Оқыту құралдары мен формаларын қолданбау заңдылығы
- C) Оқыту әдістерін қолданбау заңдылығы
- D) Оқытудағы теория мен практиканың байланыстылық заңдылығы
- E) Оқыту мазмұны мен түрінің бірлігі заңдылығы
- F) Оқытуды ата-аналардың сұранысын сай жүзеге асыру заңдылығы
- G) Оқыту мақсаты мен міндетінің бірлігі заңдылығы

10. Әдіс:

- A) Қойылған мақсатқа жетудің ретті амалдары
- B) Ғылымилық ұстаным негізі
- C) Көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері
- D) Бірыңғайланған тәсілдердің жиынтығы
- E) Оқытудағы ұтымды жол

11. Білім беру мазмұнының элементтері:

- A) Іс-әрекет әдістері
- B) Технологиялар
- C) Білім, білік, дағдылар
- D) Оқыту ұстанымы
- E) Шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі
- F) Оқыту

12. Мектептегі оқу сапасын келесідей құжаттар анықтайды:

- A) Сынып жетекшінің жұмыс жоспары
- B) Әдістемелік әдебиет
- C) Газеттер мен журналдар және т.б. баспалар
- D) Оқу жоспарлары
- E) Оқу бағдарламалары
- F) Оқу кітаптары

13. Үй жұмысын орындау үшін берілетін тапсырмалар:

- A) Ақпараттық технологиялар
- B) Іскерлік ойындар
- C) Жаттығулар орындау
- D) Баяндамалар жасау
- E) Физикалық өзін өзі жетілдіру
- F) Брейн-ринг
- G) Конференция

14. Оқытудың беріктік ұстанымына:

- A) Жаттығу әдісін пайдаланып, өткен материалды бекіту
- B) Дамудың оптимальды темпі жоқ
- C) Теориялық білімді тәжірибеде пайдалану
- D) Мазмұндау логикасы және материалды дәлелдеудің жоқтығы жатады
- E) Оқу материалын бекіту
- F) Мазмұн қисынының болмауы
- G) Мотивацияның болмауы

15. Кіріспе дәріс:

- A) Пән бойынша мағлұматты жалпылайды
- B) Пән бойынша дәріс курсы ашады
- C) Әдебиеттермен таныстырады
- D) Дәріс курсы мазмұнын ашады
- E) Мағлұматты жүйелі мазмұндауға арналады

16. Оқытудың әдістерін таңдап алу шарттары:

- A) Табиғи жағдайларға байланысты
- B) Жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты
- C) Оқу пәндерінің мазмұнына байланысты
- D) Дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге байланысты
- E) Оқу әдістемелік базаға байланысты

17. Семинар сабақтарына дайындық кезеңі:

- A) сұрақ-жауап
- B) көп құрамды
- C) баяндама тыңдау семинары
- D) тақырып пен мақсатын айқындау
- E) талқылау үшін сұрақтарды, әдебиеттерді іріктеу

18. Пресс –конференция:

- A) пән бойынша білімді тексеру
- B) пән бойынша материалды бір қайта іріктеу
- C) дәріс соңында оқытушы студенттер білімінің көрінісі ретінде сұрақтарды бағалайды
- D) өзара байланысқан тақырыпты ашатын толық дәріс үлгісінде болады
- E) курстың белгілі бір тақырыбына студенттер сұрақтар құрастырып, оқытушыға береді

19. Сөзжұмбақты бағалау критерийлері:

- A) дербес
- B) мазмұны тақырып пен мақсатқа сай келуі
- C) ақпараттың құрылымдылығы, жүйелілігі
- D) кесте құрылымының қисындығы
- E) мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі
- F) сөзжұмбақтың көлемі
- G) ішінара

20. Білімді меңгеру үрдісінің негізгі кезеңдерінің бірі:

- A) Сезіну, қабылдау, мойындау
- B) Қабылдау, ұғыну, бекіту
- C) Мәселені қоя білу, болжамды ұсыну және оны дәлелдеу
- D) Қабылдау, түйсіну, тәжірибеде қолдану
- E) Есте қалдыру, түсіну, ойлау, қортындылау
- F) Болжамды ұсыну және оны дәлелдеу

21. Оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін бағалау және есепке алудағы негізгі қызметі:

- A) Шығармашылық, мәдениетті қалыптастырушылық, тілді дамытушылық
- B) Оқыту мотивтерін бекіту, оқу пәндерін нығайту
- C) Дамытушылық, бақылаушылық, тәрбиелеушілік
- D) Қызметтестік, зерттеушілік, компьютерді танушылық
- E) Ынталандырушылық, тәрбиелеушілік
- F) Ұлтаралық келісімді нығайту, этнопедагогиканы ендіру, сабақ беру деңгейін көтеру
- G) Қарым-қатынас, педагогикалық іс-әрекеттің оның тәжірибелерін тарату

22. Йена жоспары:

- A) Этикалық әңгімені жүргізу жоспары
- B) Жеке адамды сыйлауға, балалардың еркіндігі мен дербестігінің үйлесіміне негізделетін жоспар
- C) Бақылау жұмысын жүзеге асыруға бағытталған жоспар
- D) Мазмұндаманы жазуға үйрету жолы
- E) Пәндерді тиімді жүргізуге арналған жоспар
- F) Салыстырмалы тапсырмаларды орындауға арналған жоспар
- G) Оқушы, мұғалім, ата-аналардың тығыз байланысына негізделген жоспар

23. Сабақ:

- A) Жаңа материалды игеруге байланысты оқыту формасы
- B) Білім беру ұйымдарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы
- C) Оқушының білімін бақылауды ұйымдастыратын оқыту формасы
- D) Студенттердің теориялық және практикалық дайындығын қалыптастыратын оқыту формасы
- E) Оқу материалын игеруге байланысты оқыту формасы
- F) Студенттердің білімін бақылауды ұйымдастыратын оқыту формасы
- G) Оқу материалын екі қайтара өңдеу

24. Мәселелік оқытудың мәні:

- A) Оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін зерттеу
- B) Қойылған мәселені шешу арқылы тұжырым жасау, ортақ шешімге келу
- C) Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару
- D) Оқушылардың алдына оқу мәселесін қою
- E) Нақты теорияларды талдау
- F) Ғылымның дайын тұжырымдарын меңгерумен үйлесетін оқушылардың ізденістік өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру

25. «Педагогикалық жүйелерді басқару» немесе мектептану бөлімі ғылымдар тоғысында қарастырылады:

- A) Физиология
- B) Пәнді оқыту әдістемесі
- C) Менеджмент
- D) Дианетика
- E) Басқару психологиясы

**Педагогиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Адамгершілік тәрбиесі бойынша қалыптасатын қасиеттер:

- A) ақыл-ой деңгейін көтеру
- B) кәсіби бағдар беру
- C) шыншылдық, әділеттік
- D) адалдық
- E) еңбек етуге үйрету
- F) елжандылық

2. Еңбек тәрбиесінің мазмұнына төмендегі қасиеттерді дамыту мен жұмыс түрі жатады?

- A) Кәсіби бағдар беру
- B) Ғылыми көзқарас
- C) Ақыл-ой деңгейін көтеру
- D) Отансүйгіштік
- E) Еңбекке баулу

3. Сыныптан тыс жұмыстың ерекшеліктері:

- A) тәрбиешінің жеке қызығушылықтары ескеріледі
- B) қысқа мерзімді
- C) оқушылардың қызығушылығына бағытталып ұйымдастырылады
- D) міндетті оқу бағдарламасымен байланысты емес
- E) еріктілік негізінде ұйымдастырылады

4. Ұжымның даму болашағын жоспарлау:

- A) жартыжылдық жоспар, шағын жоспар
- B) күнтәртібі, жылдық жоспар
- C) бақытты келешек
- D) орта болашақ
- E) күнделікті жоспар
- F) жақын болашақ
- G) көлемді, толық жоспар

5. Оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізетін мектептен тыс мекемелер:

- A) жалпы білім беретін орта мектептер
- B) кітапханалар
- C) өнер, музыка мектептері
- D) аудандық, қалалық құқық орындары
- E) еңбекті қорғау мекемесі

6. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) Білім беру мазмұнының ғылымилық принципін қанағаттандыру
- B) Психологиялық жағдайларды зерттеу
- C) Тиімді оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- D) Ата-аналармен қарым-қатынас жасап, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету
- E) Проблемаларды шешуде оқушыға көмек көрсету

7. Латынның «коллективус» деген сөзінің мағынасы:

- A) Жиын
- B) Ұйым
- C) Отбасы
- D) Қоғам
- E) Жекелік

8. Қиын балаларда жиі кездесетін ерекшеліктер:

- A) жаман мінез, жасырын әдеттері болуы
- B) арнайы спорттық, шығармашылық бейімділіктері жоғары
- C) суицидтік күй, депрессия
- D) өнер, музыкада ерекше шығармашылық қабілеттері көзге түсуі
- E) тұйық, енжар

9. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- B) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі
- C) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- D) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- E) көлемі екі баспа табақтан аспауы
- F) тәрбие жұмысы түрлерінің оқушылардың жас және тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі
- G) жоспардың тәрбие түрлерін толық қамтуы

10. Сынып жетекшісі мен оқушылардың тәрбие жұмысын жоспарлауда бірлігі мен ынтымақтастығының деңгейі төмендегі жағдайларға тәуелді:

- A) балалардың жасына
- B) оқушылардың талантына
- C) тәрбие тәсілдеріне
- D) ата-аналардың даярлығына
- E) педагогтің дайындығына
- F) тәрбие үлгілеріне

11. Қиын балаларды түзету жұмыстары:

- A) сабақ
- B) конференция
- C) саяхат
- D) жеке ұмтылыстары болған жағдайда мадақтау
- E) қателік, сәтсіздік болғанда, жөндеу үшін сенім ұялату
- F) «Сенде бәрі жақсы болатынына сенемін» деген сөздерді жиі айту

12. Қиын балалармен жұмыс жасау әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды :

- A) Тәрбие бағыттарын
- B) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесуін
- C) Алғашқы кезеңдері және даму сатыларын
- D) Алынған мәліметтерді өңдеу және қорытындылап ұсыныс жасауын
- E) Тәрбие аспектілерін
- F) Оқушыларды жан-жақты зерттеу және іріктеуін
- G) Тәрбие нысандарын

13. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Мектептегі әдістемелік кеңес
- B) Ата-анамен жұмыс
- C) Пікірталас
- D) Жазалау
- E) Мадақтау
- F) Тәрбиелік жағдаяттар

14. Тақырыбын анықтау қажет болатын тәрбие жұмысының түрі:

- A) адамгершілік тәрбиесі
- B) пресс-конференция, оқырман конференциясы
- C) демалыс кеші, көңілділер мен тапқырлар клубы
- D) оқушыларды жан-жақты зерттеу
- E) сұрақ-жауап алу арқылы қарым-қатынасты анықтау
- F) қиын баланың типін анықтау үшін психологпен кеңесу
- G) пресс-конференция, оқырман конференциясы

15. Қиын балалармен жұмыс әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды :

- A) Оқушыларды жан-жақты зерттеу және іріктеу
- B) Тәрбие мақсаты, міндеттері
- C) Тәрбие объектісі, аспектілері
- D) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесу
- E) Тәрбие бағыттары
- F) Қиын баламен жұмыста алғашқы және соңғы сатылары
- G) Бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі

16. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) жоспардың нақтылығы
- B) күнделікті өз мерзімінде жасалуы
- C) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- D) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- E) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі

17. Қазіргі отбасы дағдарысының сипатталуы:

- A) Азаматтық некенің салдарынан
- B) Экономикалық жағдайларға баяу бейімделуімен
- C) Ұлттық дәстүрді сақтамаудан
- D) Некеге тұрумен және оны бұзудағы еркіндікпен
- E) Ата-аналардың ой-өрісінің тарылуымен
- F) Бала асырап алуға заңды құқықтың болуы немесе болмауынан

18. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:

- A) қиын балаларды оқудан шығару, жазалау
- B) тәрбие объектісі, аспектілері
- C) тәрбие жоспары
- D) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңестер
- E) сынып сағаттары

19. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- A) сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- B) оқуды үйлестіру
- C) сынып оқушылары мен ұжымын диагностикалау
- D) сыныптың оқыту үрдісін ұйымдастыру
- E) білім беруді жоспарлау
- F) өзінің біліктілігін көтеру және әріптестеріне көмек беру
- G) оқу бағдарламаларын жасап, талқылау, бекіту

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) мадақтау, марапаттау
- B) үлгі-өнеге
- C) шығармашылық орталықтар
- D) өзін-өзі басқару одағы
- E) сендіру
- F) этикалық әңгіме
- G) тәрбиелік шара

21. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары

- A) әңгімелер
- B) үйірмелер
- C) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- D) балалар лагері
- E) сынып сағаты
- F) кештер

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Тәрбие бағыттарына
- B) Жазалауына
- C) Ынталандыруына
- D) Мазмұнына
- E) Кешенді тәрбие жұмысы
- F) Институтционалдық белгісіне
- G) Оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттарына

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- B) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- C) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- D) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- E) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- F) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- G) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- H) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі

24. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) үлкеннің алдын кесіп өтпе
- B) қайта ашатын есігінді қатты жаппа
- C) басыңды шайқама
- D) екі тізенді құшақтама
- E) жеміс ағашын сындырма
- F) нанды лақтырма

25. Көпшілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ұсынылған кітаптарды оқу, кештер
- B) сынып сағаты, сайыстар
- C) мектеп директорының басқаруы
- D) хабарлама даярлау
- E) оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары
- F) баланың отбасындағы қарым-қатынасын зерттеу

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Психологияны оқыту әдістемесі

1. Психология пәнінен бірінші оқу құралдары баспадан ғалымдардың басқаруымен шықты:

- A) Б.М.Теплов
- B) П. Я. Гальперин
- C) А. Р. Лурия
- D) А. Н. Леонтьев
- E) С.Л.Рубинштейн
- F) А.А.Смирнова
- G) Л.М.Шварца

2. Оқу жоспарымен анықталатын оқу формалары:

- A) Дөңгелек стол
- B) Экскурсия
- C) Дәріс
- D) Семинар
- E) Конференция
- F) Өзіндік жұмыс

3. Психологияны оқуда қолжетімділік қағидасы арқылы жүзеге асады:

- A) оқытудың мазмұны мен әдістерін оқушылардың даму деңгейімен байланыстыру
- B) тұлға үшін оқу материалының маңыздылығын ескеру
- C) студенттерге хабарланатын ақпараттардың дәлелділігі
- D) психологияның заманауи жетістіктерін пайдалану
- E) қарапайымнан күрделілікке өту
- F) оқу материалының объективті ғылыми фактілермен сәйкестілігі

4. Оқу пәні бұл:

- A) Ғылыми зерттеу нәтижесі
- B) Жүйелілік және құрылымдық қызмет
- C) Білімді игерудегі оқу- танымдық іс-әрекет түрлерінің жүйесі
- D) Оқытушының көзқарасы
- E) Тәжірибені түрлендіруі
- F) Оқулықтың мазмұны

5. Фундаменталды психологияның салалары:

- A) психофизиология
- B) этнология
- C) биология
- D) этнография
- E) антропология

6. Дамыта оқытудың маңызды шарттары:

- A) Соңғы нәтижеге бағдарлану
- B) Ұжымдық дискуссияның нәтижесінде студенттің ақыл-ой қабілеті мен интеллектісінің дамуын қамтамасыз ететін теориялық білім
- C) Соңғы нәтижеге емес оқудың өзіне бағдарлану
- D) Оқытудың біржақтылық сипаты
- E) Оқушының өз бетінше дайындалуына мүмкіндік беру
- F) Оқушылардың дайын нәтижеге бағдарлануы
- G) Оқытушының материалды дайын түрінде беруі

7. Қашықтан оқытудың ерекшелігі:

- A) құралдардың макеті
- B) компьютерлік телекоммуникация
- C) оқу әдістемелік құрад
- D) эксперимент моделі
- E) психологиялық тәжірибе

8. Рефлексивті тапсырмалар:

- A) Міндеттерді талдауда өзіндік әдістерді қолданылады
- B) Метатанымдық әрекетке көшуге бағытталады
- C) Қарапайым ой амалдарын қалыптастырады
- D) Қажеттіліктерді қанағаттандырады
- E) Күрделі ой амалдарын жүзеге асырады
- F) Білімді қайта жаңғыртуды қамтамасыз етеді
- G) Эвристикалар мен алгоритмдерді құрудың меншікті тәсілдерін қолданады

9. Оқушылардың ақыл ой –әрекетін белсендіретін тапсырмалар:

- A) еске алу
- B) талдау
- C) салыстыру
- D) жинақтау
- E) суреттеу
- F) нақтылау

10. Психологияны оқытудың тәжірибелік әдістеріне жатады:

- A) Жаттығу
- B) Эвристикалық әңгімелесуді ұйымдастыру
- C) Іскерлік ойын
- D) Әңгіме
- E) Психологиялық тапсырмаларды орындау

11. Мәселелік оқыту әдістері:

- A) Эвристикалық әңгімелесу
- B) Психологиялық тренинг
- C) Оқыту, рөлдік ойын
- D) Үлгіге қарап әрекет жасау
- E) Еліктеу жаттығуы
- F) Әңгіме, түсіндіру

12. Оқушылардың танымдық әрекетін белсендіруші оқыту әдістері:

- A) Түсіндірмелі-иллюстративті әдіс
- B) Еліктеу жаттығулары
- C) Топтық пікірталас
- D) Миға шабуыл
- E) Қайталау және бекіту
- F) Репродуктивті әдіс
- G) Көрсету мен иллюстрация

13. Білім, іскерлік, дағдыны бақылау және коррекциялау сабағы:

- A) Экскурсия
- B) Сынақ
- C) Бақылау жұмысы
- D) Ойын
- E) Емтихан
- F) Дөңгелек стол
- G) Тренинг

14. Дәрістің артықшылықтары:

- A) Студенттердің белсенді ойлауын, шығармашылық әлеуетін ұйымдастырады әрі моральдық тұрғыда қанағаттануын қамтамасыз етеді
- B) Дайын материалды береді
- C) Лектордың өз көзқарасына студенттерді тартуына мүмкіндік береді
- D) Студенттерді тексереді
- E) Бұрыннан белгілі деректер мен теориялық білімдерді тереңірек ұғынуға негіз болатын материалдың мазмұнының жаңалығы

15. Дәрістің негізгі функциясы:

- A) Терапевтік
- B) Алдын алу
- C) Сендіруші
- D) Түсіндіруші
- E) Ақпараттық
- F) Бағдарлаушы

16. Психологиялық пәндерде практикалық сабақтардың мақсаты:

- A) Білімді бақылау және бағалау
- B) Теориялық білімді кеңейту және анықтау
- C) Адамның күнделікті өміріндегі денсаулығын нығайту үшін қолдану
- D) Алынған білімді адамдардың әртүрлі практикалық саладағы іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыру үшін қолдану
- E) Психологиялық білімді тәжірибелік мәселелерді шешуде қолдануды үйрену

17. Зертханалық жұмыстың негізгі дидактикалық мақсаттары:

- A) Бақылау жүргізу тәсілін ұйымдастыру
- B) Эксперимент жүргізу әдістемесімен танысу
- C) Іс-нәтижесінің сандық көрсеткішін іріктеу
- D) Табиғи зерттеу формасын жүзеге асыру
- E) Сапалық талдау жасау
- F) Алынған мәліметтерді талдау

18. Өздік жұмыстың дидактикалық функциялары:

- A) Оқу материалын тереңдету және кеңейту
- B) Сынақ өткізу
- C) Оқу материалын дайын күйінде алады
- D) Қиялды дамыту
- E) Жаңа білім алу
- F) Ақыл ой іс-әрекетін белсенді етуді қиындатады

19. Психология бойынша мектептен және сыныптан тыс жұмыс жүзеге асырылады:

- A) зертханада
- B) кеңес беруде
- C) дәріс барысында
- D) ұжымдық
- E) жеке дара
- F) топтық

20. Психологиялық пәндерді оқыту барысында техникалық құралдырды қолданудың артықшылығы:

- A) Психикалық, физикалық белсенділікті аттырады
- B) Студенттерді шыдамдылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелейді
- C) Шығармашылықпен жұмыс атқару мүмкіндігін күшейтеді
- D) Ұлттық, халықаралық білім беру мекемелерінің мәліметтеріне қол жеткізуді
- E) Ақпараттық қайнар көздерді түрлендіреді
- F) Студенттерді бейне тренингтер мен вебинар семинар жүргізуге машықтандыру
- G) Студенттердің уақытты тиімді пайдалануына ықпал етеді

21. Педагогикалық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ететін шарттар:

- A) Бақылау жасырын өтуі тиіс
- B) Бақылаудың әділдігі
- C) Оқытушы бағаны не үшін және қалай қойғанына есеп бермеуі тиіс
- D) Бақылау екі жаққа да анық өлшемдерге негізделуі тиіс
- E) әңгімелесу түрінде өтуі тиіс
- F) Бақылау және оның нәтижесі жариялықты талап етеді
- G) Оқытушының өзі өлшемдері негізінде бағаланады

22. Рейтингтік бағалау:

- A) Уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді
- B) Оқытушыға нақтылаушы сұрақтар беруге мүмкіндік береді
- C) Жинақталған үлгерімнің бағасын қобға құрылған
- D) Білімнің толыққанды, дәлелді, объективті бағалануына мүмкіндік береді
- E) Студенттердің сандық және сапалық оқу – әрекетінің жинақталған және дифференциалды бағалануын қамтамасыз етеді

23. Психология бойынша тәжірибелік сабақтарды өткізу жоспары:

- A) презентация жоспарын құрастыру
- B) тәжірибелік тапсырмаларды орындау
- C) әдебиеттерді конспектілеу
- D) орындалған жұмыстың қорытындысын талқылау
- E) оқушыларың теориялық дайындығын тексеру

24. Психология пәнінің зертханалық және тәжірибелік сабақтарының негізгі қызметі:

- A) теориялық білімді тәжірибеде бекіту
- B) арнайы қабілеттілікті дамыту
- C) коммуникативті икемділікті қалыптастыру
- D) зерттеу жұмыстарын меңгеру біліктілігі
- E) практикалық тапсырмаларды орындауда теориялық білімдерді қолдану

25. Оқу психологиялық пәнінің құрылымы факторымен анықталады:
- A) оқушылардың дайындық дәрежесі
 - B) оқу үрдісінің материалдық жабдықталуы
 - C) оқушылардың психожасының ерекшелігі
 - D) оқыту бағдарламасының еңбек сыйымдылығы
 - E) психологиялық білімнің жүйелену деңгейі
 - F) оқытушының кәсіби біліктігімен
 - G) оқу бағдарламасының типі мен мақсаты

**Психологияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**